

СӨЖ №1 тақырып: Этнолингвистиканың зерттеу объектілері мен мақсат-мүдделері

Сабақтың мақсаты: Студенттерге этнолингвистиканың негізгі зерттеу объектілері мен мақсат-мүдделерін түсіндіріп, меңгерту

Негізгі сұрақтар:

1. Этнолингвистиканың зерттеу объектілеріне жалпы мағлұмат беру
2. Қазақтар дүниетанымы, қазақ болмысы туралы шет елдік ғалымдардың, орыс зерттеушілерінің пікірі.
3. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігімен жұмыс жасау.

Тапсырма: Әдеби дереккөздерді талдау негізінде этнолингвистика бойынша сөздік жинақтап, картотека құру

Этнос – өткен бір дәуірлерде дүниеге келіп, белгілі бір географиялық ортада қалыптасқан, шұғылданған тіршілік-тірлігі бірыңғай, мінез-құлқы ұқсас, діні де, тілі де бір, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы ортақ, өзінің ортақ тегін, туыстығын, тұтастығын сезіне білетін, сатылап даму барысында аналық, аталық, рулық, тайпалық, ұлыстық және халықтық дәуірлерді басынан кешіріп, бүгінде дербес ел болып отырған адамдар қауымы.

Этнос болмысы – этностың ұлттық бейнесі, тарихи тұлғасы және ол туралы реальды шындық.

Этникалық кеңістік – **Этникалық кеңістік** – этнос болмысына қатысты тарихи, мәдени, тілдік ақпараттардың, бірліктердің жиынтығы.

Менталитет, діл – тұрақты ойлау түрі, жеке адамдар, саяси-әлеуметтік институт, топтар, ұйымдар, сондай-ақ халықтың өзін қоршаған орта туралы, дүние туралы шындықтың жинақталған, таратылған бейне-түсінігі.

Этнолингвистикалық парадигма – «тілді халық арқылы тану» қағидасына сәйкес жүргізілетін антропологиялық ілімнің бір бағыты.

Этнолингвистика – тіл мен халықтың арақатынасын, лингвистикалық және этникалық факторлардың өзара байланысын зерттейтін тіл білімінің саласы.

Этнолингвистикалық мағына – этностың бойында сақталған халықтың танымын айғақтайтын, ұлт болмысын көрсететін этимологиялық, әлеуметтік, психологиялық ұғымдар жиынтығы.

Этнографизм (этномәдени лексика) – халықтың рухани және заттық мәдениетінен хабар беретін тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, баламалар, теңеулер сияқты т.б. этнографиялық арналар.

Есеп беру формасы: жазбаша жұмыс

Тапсырманы орындау және студенттердің білімін бағалау мерзімдері: 2 апта